# ...І ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... сентябрь Сейсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.


***Бесінші бесжылдықта, төртінші бесжылдықпен салыстырғанда, өндірістік қуаттарды іске қосу, шамамен, шойын жөнінде 32 процент, болат жөнінде 42 процент, прокат жөнін де кемінде 2 есе, кокс жөнінде 80 процент және темір рудасы жөнінде 3 есе ұлғайтылсын.***

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951–1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі БК(б)П Орталық Комитетінің директиваларының жобасынан).

## ...аңа
## ...қ

...мүмкіншіліктің
...басшылары ол
...а білмей келеді.
...ңбек ұйымдасты
...с. Жұмыс уақы-
...ды. Шикізатты
...электр қуатын
...ағы күрес жеткі
...ның салдарынан
...ындарынан артта

...ов және Мамлют
... колхоздарында
...қ дайындаудың
... отыр. Оның се-
...ханизация қуаты
... Егін жыйнау
... астықты тазарту
... жүргізілмейді.
...ында астықтың
...ол беріледі.

«Заря коммуниз-
... қырмандарында
...іліп тұр. Ал, ол
...інген дән таза-
...уаты толық пай-
... астық тапсыру
...й келеді. Колхоз-
...а небары 16 кол-
...Олар қырмандағы
...тазарту және оны
...ріне жөнелту жұ-

# Партиямыздың XIX съезіне республика еңбекшілері татымды тартулар әзірлеуде

* * *

## ОЗАТ КЕМЕЛЕР

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Орал пароходствосының буксирлі, жолаушылар тасыйтын және тіркеумен жүретін кемелер флотындағы көптеген кемелердің ондаған экипаждары партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыста бірінші орынды алу үшін күресуде. Озат кемелердің командалары жақсы табыстарға ие болды. Бирюков жолдас капитан болып істейтін № 14 буксирлік газоходтың командасы сентябрь айында барлық пайдалану өлшеуіштерін асыра орындады. Көптеген отын үнемделді, жүк тасудың өзіндік бағасы арзандатылды. Тіркеумен жүретін флот командасы арасында Глонин жолдас шкипер болып істейтін «УХ№П» баржасының экипажы тамаша табыстарға ие болды.

Жүк тасудың 8 айлық жоспарын асыра орындап, Орал өзеншілері сентябрь айында жүк тасу графигін күн сайын асыра орындауда. Партияның алдағы болатын съезі құрметіне құрметті вахтаға тұрған пароходство коллективі 9 айлық тапсырманы 20 сентябрьге дейін, навигациялық жоспарды —1 ноябрьге дейін орындауға, кем дегенде жоспардан тыс 1 миллион тонна километр жүк тасуға міндеттенді. Заводта жөндеуді керек етпейтін көп кеме қысқы мерзімге тұрғызылады.

* * *

## Алдағы жылы мол өнім алудың берік негізін қалаймыз

Алматы облысының колхоздарында, совхоздары мен МТС-терінде алдағы болатын партияның XIX съезіне арналған жыйналыстар өткізілуде. ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі партия съезі директиваларының жобасында көзделген ауыл шаруашылығының қаулап өсуі, еңбекшілердің материалдық әл-ауқат күйінің жақсаруы еңбекшілерді зор қуанышқа бөлеуде.

Алматы ауданындағы «Заря Востока» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының жыйналысына көп адам қатысты. Артель басқармасының председателі Тұрсын Смаилов колхозшылар алдында жалынды сөз сөйледі.

—Коммунист партиясының қамқорлығын колхоз шаруалары күн сайын көріп, сезіп, отыр,—деді ол. —Біздің егіс даламызда маңдай алды машиналар жұмыс істеуде, олар колхозшылардың еңбегін жеңілдетіп, ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты мол өнім алуға көмектесуде. Быйыл біздің колхозымыз бүкіл егіс көлемінің әр гектарынан 100 пұттан өнім алды. Біз өзіміздің мемлекет алдындағы бірінші тапсырмамызды мерзімінен бұрын орында-

Колхоз ұстасы Бандун Ыдырысов колхозшыларды барлық дала жұмыстарын тез аяқтауға, келесі жылы мол өнім алу үшін берік негіз жасауға шақырды.

Алдағы болатын съезд құрметіне жыйналыс еңбек вахтасын жариялап, социалистік міндеттемелер қабылдады.

«Заря Востока» колхозы —ірі мал шаруашылықты колхоз. Мал шаруашылығын өркендетудің 1952 жылғы жоспарын артель сыйыр, жылқы, қой және түйе жөнінде асыра орындады. Қоғамдық малға арналып жеткілікті мөлшерде құнарлы жемшөп қоры әзірленді. Колхозшылар 5 октябрьге дейін дайындалған шөпті мал фермаларына тасуды аяқтамақ. Колхозшылар күздік бидайды егуге кірісті. Быйыл артель күздік дақылдардың әр гектарынан 18 центнерден өнім алды, келесі жылы 22 центнерден өнім алу ұйғарылды.

Еңбекті көп тілейтін жұмыс процестерін одан сайын механикаландыру мақсатымен жыл аяғына дейін товарлы- сүт фермасын электрлендіруге қарар қабылдады.

Көптеген басқа ауылшаруашылық артельдерінде де жыйналыстар болып өтті.

* * *

*Халықтық демократия елдерінде*

## Синьцзян провинциясындағы экономикалық құрылыс

ПЕКИН, 11 сентябрь. (СОТА). «Синьцзянжибао» газеті 17 августа Синьцзян провинциясында шаруашылық құрылысқа арналған көрме ашылғанын хабарлады. Бұл көрме провинцияның ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, финанс, транспорт, ирригация, кооперация мен сауда салаларында жеткен табыстарын көрсетеді.

Синьцзян провинциясында астықтың өндірілуі 1951 жылы 1949 жылғымен салыстырғанда, 30 процент артқан. Ирригациялық құрылыс жөнінде Синьцзян солтүстік-батыс Қытайдың бес провинциясының ішінде бірінші орын алады.

Азат етілгеннен кейін провинцияның шаруалары тұқым, күш көлігін, ауылшаруашылық құрал-саймандарын сатып алуға, сонымен қатар ирригациялық құрылыстар салуға халық үкметінен едәуір қарыз алған. Халық үкметі берген қарыз қаржысы есебінен жүргізілген ирригациялық құрылыстың нәтижесінде провинцияда суармалы жердің көлемі 729.000 му артқан (1 му—0.06 гектарға тең).

Сауда саласында едәуір табыстарға қол жеткен. Ауыл шаруашылығының азықтүліктерін өткізу үстіміздегі жылы, 1950 жылғымен салыстырғанда, үш еседен астам артқан. Осы уақыттың ішінде тоқыма товарларының бағасы екі есе кеміген. Бұған, атап айтқанда транспорттың жақсаруы, сонымен қатар, провинцияның өзіндегі тоқыма өнеркәсібінің өркендеуі зор әсер еткен. Жақында ғана «1—июль»

ты өрістете отырып, облысымыздың көптеген егіншілері елеулі табыстарға ие болды. Олардың қатарына Булаев және Полудень аудандарының егіншілерін қосуға болады. Бұл аудандардың егіншілері мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шықты. Осы кезде аталған аудандарда мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жұмысы күннен-күнге қыза түсуде.

Алайда, облысымыздағы кейбір кәсіпорындары мен колхоздар өздерінің міндеттемелерін орындай алмай келеді. Мысалға аяқкиім фабрикасын алуға болады. Бұл фабрикада өндірістік тапсырмаларды лық пайдалана отырып, партиямыздың XIX съезіне лайықты тарту әзірлеу. Бұл — кәсіпорындарында күнделік және айлық тапсырмаларды артығымен орындау, колхоздарда егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын аз күнде аяқтап шығу, қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендету үшін мал қыстатуға барлық жағынан үлгілі әзірлену керек деген сөз.

Коммунист партиясының XIX съезіне үлгілі әзірленейік. XIX съезд құрметіндегі социалистік жарысты шаруашылығымыздың барлық саласында кеңінен өрістетейік, сөйтіп, съезге лайықты тартулар әзірлейік!

мартен пешінің коллективі алда келеді. Болат балқытушылар Сұлтан Кәкенов, Алдажар Насреддинов және Степан Башл сентябрь айында 2 балқытпа берді. Бұл балқытпалардың барлығы дерлік ауыр салмақты болып, шапшаң балқытылды. Олар әр тонна болатты балқытуға жұмсалатын мазут шығынын нормадағыдан 10 килограмм кемітті. Стахановшылар сентябрь айында жоспардан тыс 322 тонна металл балқытты.

Мастер Григорий Безгин басқаратын «400» станның прокатшылар сменасы өндірістік жаңа рекорд жасады. Бұл смена 760 кесек болат берді, бұл нормадағыдан едәуір артық.

деген мың малдары тау басынан тау етегіне түсірілді.

Жамбыл облысындағы Красногор ауданының Сталин атындағы колхозының шопандары қойды қысқы жайылымға айдауға әзірлеуде. Таңертең шопандарға үгітші келді. Колхоз малшыларының сұрауы бойынша ол ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының жобасы бойынша мал шаруашылығын одан сайын өркендетудің перспективалары туралы әңгіме өткізді. Әңгіме кезінде атақты шопан Қырықбай Қарабасов былай деді:

—Біздің туысқан партиямыздың, көсеміміз Сталин жолдастың колхоз шаруаларына деген қамқорлығы өте зор.

дыруға, а
рынғыдан
седі. Бізд
рацызадар
да біз кы
және бас
Қырық
йынша к
ташылары
вахтаға т
тылуын,
масыз ет
Респуб
ған арми
уашылығ
деген ұр

---

# Москвада Танкшілер Күнін мерекелеуге арналған салтанатты мәжліс

Совет халқымен оның армиясы Танкшілер Күнін атап өтуде. 13 сентябрь күні, Москвада Совет Армиясының Орталық Театрында Танкшілер Күніне арналған Совет Одағы Соғыс Министрлігінің астанадағы партия, совет және қоғам ұйымдарының өкілдерімен басқосқан салтанатты мәжлісі болып өтті.

Театрдың өте әдемі безендірілген залына генералдар, офицерлер, даңқы шыққан танкшілер, Москва кәсіпорындарының стахановшылары, партия, совет қызметкерлері, ғылым мен мәдениеттің қайраткерлері жыйналды. Сахнаның төрінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттері, алқызыл тулар мен иісі жұпар аңқыған гүлдердің ортасына қойылған.

Орден ленталарымен қоршалған жауынгерлік тулардың қасына Ұлы Отан соғысына қатысушы танкшілер құрметті қарауылда тұр.

Салтанатты мәжлісті ССР Одағының Соғыс Министрі Совет Одағының Маршалы А. М. Василевский ашты.

Көпке созылған ду қолшапалақтау үстінде И. В. Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саясаттық Бюросы құрметті президиумге сайланды.

Танкшілер Күні туралы бронетанк әскерлерінің маршалы С. И. Богданов баяндама жасады. Ол быйыл Танкшілер Күні Лениннің — Сталиннің ұлы партиясының XIX съезін шақыру туралы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысынан кейін болған совет адамдарының саяси және еңбектегі зор өрлеуі үстінде мерекеленіп отыр, — деді. Партияның XIX съезі директиваларының жобасы совет адамдарын патриоттық жаңа істерге жігерлендіре түсед. Өзінің Отанына шексіз берілген біздің еліміздің Қарулы Күштері совет адамдарының жасампаз еңбегін қырағы түрде қорғайды.

Баяндамашы даңқты танкшілер мен танк жасаушылардың құрметіне, батыр совет халқының құрметіне және оның Қарулы Күштерінің құрметіне, Совет Үкметінің құрметіне, большевиктер партиясы мен ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдастың құрметіне ұрандар көтерді.

Баяндама бітті. Салтанатты мәжліске қатысушылар ду қолшапалақтау үстінде көп жыл өмір сүріп, сау-сәлемет болуын тілеп, И. В. Сталин жолдасқа құттықтау қабылдады.

(СОТА).





1. 1952 жылгы 5 сентябрьде азамат соғ
Иванович Чапаевтың қаза тапқанына 33 ж
сының В. И. Чапаев қаза тапқан Чапаев се
керткіш орнатылған.

2. Қазақстанның астанасы —Алматы. Г
тұрғын үйлері.

Германияны қайтадан біріктіруге байланысты мәселелерді талқылау мақсатымен Герман Демократиялық Республикасы Халық Палатасының делегациясын қабылдауды талап етеді. Буржуазиялық интеллигенция өкілдерінің басын қосатын Наугейм үйірмесі дейтінді ұйымдастырушы профессор Ноак Бонн федерациялық үкметі «Халық Палатасының ұсынысын қа-

[illegible] қозғалысының ұлғаюынан да көрініп отыр.

Иосида үкметі халықтың американ оккупанттар саясатына қарсылығын баса алмады. Парламенттің кенет, мерзімінен бұрын таратылып, жаңа сайлаудың белгіленуі Жапонияны ремилитарландыру жоспарларын жүзеге асыра алатын үкмет-

лік программасын қолдауға ұмытылатындардың бәріне қарсы бағытталған. Бұл терроға қарсы жапон халқының патриоттық күштері ауыр халге түскен жапон халқының әділетті ұлттық мүдделері жолындағы, бейбітшілік және демократия жолындағы күресте өздерінің қатарын берік топтастыруда.

**Я. МАЗОР.**

## Фашизм мен соғысқа қарсы бейбітшілік, бірлік, демократия және социализм үшін Берлиндегі жүз мың адам қатысқан митингі

БЕРЛИН, 14 сентябрь. (СОТА). Соғыспен фашизмге қарсы күрес аптасының аяқталуымен байланысты бүгін Герман Демократиялық Республикасының барлық қалалары мен селоларында митингілер болып өтті. Бүгінгі күн барлық жерлерде фашизм құрбандарын еске түсіру күні болып аталды.

Бүгін Берлиннің барлық секторларынан Тельман алаңындағы митингіге жүз мыңнан астам адам жыйналды. Митингі «фашизм мен соғысқа қарсы, бейбітшілік, бірлік, демократия және социализм үшін» деген ұранмен өтті. Митингіге Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик, Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман, премьер министрдің орынбасары Генриг Рау қатысты. Сол сыяқты, халық демократия елдерінің, Герман Демократиялық Республикасының Батыс Германияның, Батыс Европа елдерінің қарсылық көрсету жөніндегі күрескерлердің өкілдері, сол сыяқты Совет Одағының партизандары қатысты.

Испаниядағы Интернационалдық бригаданың бұрынғы саяси комиссары Франц Далем, фашизмге қарсы күресу жөніндегі халықаралық күрескерлер федерациясының председателі Манес (Франция), Батыс Германиядағы қарсылық көрсету жөніндегі күрескерлердің өкілдері және басқалары сөйледі. Олардың сөзін митингіге қатысушылар ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Митингіге қатысушылар бірауыздан қарар қабылдап, онда Германиямен бітім шартын тезінен жасауға бағытталған мойымас күш-жігері үшін Совет Үкметіне зор алғыс айтқан. Митингіге қатысушылар Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының неміс халқына жолдаған Үндеуін және герман мәселесі жөніндегі өзара келіссөзді бастау мақсатымен Бонн федералдық парламентіне халық палатасының делегациясын жіберуді құттықтаған.

Митинг демократияшыл жастардың Гимнін айтумен аяқталған.

## БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛИНДИЯЛЫҚ ҮШІНШІ СЪЕЗІ

ДЖУЛЛУНДУР, 13 сентябрь. (СОТА). Кеше Джуллундурда бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілиндиялық үшінші съезі ашылған. Қала мен оның төңірегіндегі деревняларда тұратын адамдар бірнеше күннің ішінде салған аса үлкен шатыр жасыл тулармен, ұрандармен және плакаттармен безендірілген. Мінбенің дәл төріне бейбітшіліктің ақ көгаршіні тігілген үлкен көк-жасыл ту қойылған.

Съезге 350-ге жуық делегаттар мен 5 мыңнан астам қонақтар келген.

Съезді Шығыс Пенджаб бейбітшілік жақтаушылар комитетінің председателі Баба Будх Сингх ашқан. «Біз,—деп бастаған сөзін ол,—соғысқа әзірленіп жатқандардан бейбітшілікті сақтау жөніндегі өзіміздің аяулы борышымызды орындау үшін жыйналдық».

Съездің атына көптеген құттықтаулар келіп түсуде. Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советі мен Го Мо-Жоның құттықтау телеграммаларын делегаттар ду қол шапалақтаумен қарсы алған.

## ИТАЛИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШЫНЫҢ ӨСУІ

РИМ, 13 сентябрь. (СОТА). «Глобо» газеті 1952 жылдың 30 июнінде Италияның мемлекеттік борышы 3.076.600 миллион лирге жетті деп хабарлайды. Бір жылдың ішінде Италияның мемлекеттік борышы 288.800 миллион лир болып артқан.

## АМЕРИКАН САМОЛЕТТЕРІНІҢ СОЛТҮСТІК ШЫҒЫС ҚЫТАЙҒА ... ТУРАЛЫ СИНЬХУА АГЕНТТІГІНІҢ ХАБА...

ПЕКИН, 14 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі АҚШ-тың соғыс-әуе күштері Солтүстік-Шығыс Қытайдың жеріне үнемі шабуыл жасауда деп хабарлайды. 26 августан 11 сентябрьге дейін 740 американ самолеттері Қытайдың Аньдун, Чжуанхэ, Куаньдянь, Фынчэн және басқа Ляондун провинциясындағы ... винциясындағы қа... буыл жасаған.

Қытай халқы ам... ның мұндай тағыл... шексіз ыза-кек біл...

## ЕГИПЕТТЕГІ ЖАҒДАЙ

ЛОНДОН, 14 сентябрь. (СОТА). Лондон радиосының хабарына қарағанда, Египет үкметі мұнан бір апта бұрын тұтқындалған Египет саяси қайраткерлеріне сот құру үшін арнаулы трибунал құру туралы декрет қабылдаған. Декретте айыпты деп табылған адамдар үшін берілетін жазалардың тізімі келтіріл... ларынан айырылып... дейін тұтқын жаз... штраф төлейді.


«ЛЕНИН ТУЫ» газетінің редакциясына түпкілікті жұмысқа тәжрибелі машинистка КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Жұмыс жайы жөнінде жұмыс уақытында Петренев көшесі 92-үйге келіп, түсінік алуға болады.

«УДАРНИК» ...

«НА...

Сеанстар сағат 6...

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ЖӘНЕ ЖЫЙНАҚ ... ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРК...

ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫ

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигациялларын сатады және сатып алады.

ЗАЕМ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫН

Негізгі алты ұтыс тиражы және бір қосымша тираж... өткізіледі.

БЕЛГІЛЕНГЕН ҰТЫС МӨЛШЕРЛЕРІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ

100.000 сом, 50.000 сом, 25.000 сом, 10.000 сом, 5 мың сом, 1 мың сом және 400 сом

Кезекті 29—және қосымша 1 ұтыс тираждары 1952 жылғы 30 сентябрьде өткізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!



РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, ред... партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері —, 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс е...

УШ 01898 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекет...